

«Тексерілді»
«Мерейлі» жекеменшік
балабақшасының әдіскері:
А.И.Эбиева 3.И.Эбиева

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасының 2025-2026 жылының ұйымдастырылған іс-әрекеттің
Перспективалық жоспары

№ 2 «Балдырған» ортаңғы тобы

Мақсаты: Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, олардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету.

Ұйымдастырылған іс әрекет	Қараша
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар Доптарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарына лдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Негізгі қимылдар: Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Қимылды ойындар Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу,

	таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін ақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі ол қылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы үсініктер беру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Серуенде қимылды ойындармен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру
--	---

Тіл дамыту және көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты(а,э,е,о,ұ)және кейбір дауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз)және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Математика негіздері	Сан. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған

	фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікте бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында үйрету Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлері мен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер ажырата білуге үйрету. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар, заттарды бейнелеуді Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді (ыдыстар, ойыншықтар) үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.

	Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау дағдысын дамыту Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап сыбызғымен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың арапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.